

Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 тамыздағы N 889 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.10.06. N 962 қаулысымен.

"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдерінің күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н :

"Тұрғындардың жекелеген санаттарын науқастарының түрлері бойынша дәрі-дәрмекпен және балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 мамырдағы N 674 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 21, 236-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 мамырдағы N 674 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 1555 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 504-құжат);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 мамырдағы N 674 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 443 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 18, 227-құжат).

3. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 7 т а м ы з д а ғ ы

N 8 8 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету ережесі (бұдан әрі - Ереже) аурулардың түрлері бойынша және азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

2. Аурулардың түрлері бойынша және азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен (оның ішінде есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттармен) тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекіткен негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттар тізімі (бұдан әрі - Тізім) шегінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық емдеу кезінде (бұдан әрі - амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету) рецептілер бойынша жүзеге асырылады.

Амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар, мамандандырылған емдеу тағамы рецептілер бойынша тегін немесе жеңілдікті жағдайларда босатылатын аурулардың түрлері мен жекелеген санаттарының тізбесін (бұдан әрі - Тізбе), сондай-ақ оларды емдеуге арналған дәрілік заттар мен мамандандырылған емдеу тағамының тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

3. Стационарлық көмек, жедел медициналық көмек көрсететін ұйымдарда күндізгі стационарларда, күндіз болатын палаталарда дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету осы ұйымдардың басшылары бекіткен дәрілік формулярларға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тиісті жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен тегін немесе жеңілдікті жағдайда дәрілік заттарды қосымша беру Тізім шеңберінде уәкілетті органмен келісім бойынша Тізбеде белгіленген азаматтардың жекелеген санаттарын толық тегін және (немесе) жеңілдікті қамтамасыз ету жағдайында жүзеге асырылады.

5. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың облыстық (астана және республикалық маңызы бар қалалар) органдары (бұдан әрі - тапсырысшы) амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардан (бұдан әрі - жеткізуші) амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сатып а л у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Республикалық бюджеттік бағдарламалар шеңберінде нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша сатып алынған дәрілік заттармен диабетпен, онкологиялық аурулармен ауыратын, бүйрегінің кемістігі бар және бүйрегін ауыстырып салу бойынша операция жасалған амбулаториялық науқастарды қамтамасыз ету үшін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді сатып алуды (дәрілік заттарды сатып алуды қоспағанда) тапсырысшы бөлек жүзеге асырады.

6. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) босатылатын баға - амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кезінде азаматтарға жеткізуші босататын дәрілік затқа арналған, өзіне дәрілік заттың құнын, тасымалдауға, сақтандыруға, сақтауға, сертификаттауға, кеден баждарын, салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөніндегі есепті жүргізуге және есеп беруге арналған шығыстарды қамтитын баға;

2) өтеу коэффициенті - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленетін дәрілік заттың босатылу бағасын тапсырысшының жеткізушіге өтеу ү л е с і ;

3) өтеу сомасы - осы Ережеге сәйкес өтеу коэффициентін ескере отырып, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтер үшін тапсырысшының жеткізушіге төлейтін ақша қаражатының к ө л е м і ;

4) амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша қызмет - жеткізушінің дәрілік заттарды сатып алу, оларды бөлшек саудада сату объектілеріне дейін тасымалдау, сақтау, есепке алу, азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды босату, тиісті есепті беру жөніндегі қызмет.

2. Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін қажеттілікті айқындау

7. Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін қажетті дәрілік заттарға қажеттілікті тапсырысшы:

1) уәкілетті орган бекіткен тізбе;

2) алдындағы кезең үшін нақты тұтыну;

3) науқастардың жоспарланатын саны негізінде айқындайды.

3. Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды тегін және (немесе) жеңілдікті жағдайда беру

8. Дәрілік заттардың нақты қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында тапсырысшы сатып алуды жүзеге асырғанға дейін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүзеге асырылуы тиіс облыстардың, аудандардың, астана мен республикалық маңызы бар қалалардың елді мекендерінің тізбесін белгілейді.

9. Ереженің 8-тармағында көрсетілген елді мекендерде амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тапсырысшының дәрілік заттарды бөлшек саудада сату объектілері және (немесе) тапсырысшы амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша шарт жасасқан адамдар арқылы жүзеге асырылады.

10. Шалғайдағы ауылдық жерлерде дәріханалық ұйымдар болмаған кезде амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жеткізуші немесе жеткізушімен

шарттық қатынаста тұрған адамдар бөлшек саудамен сату объектілері арқылы, сондай-ақ ауылдық (отбасылық) дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер, фельдшерлік пункттер арқылы, олар арқылы дәрілік заттарды сатуға құқығы бар жеткізуші және (немесе) амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша олармен шарттық қатынаста тұрған адамдар жүзеге асырады.

11. Туберкулезбен зардап шегетін азаматтар амбулаториялық емдеу кезінде туберкулезге қарсы препараттармен туберкулезге қарсы мекемелер арқылы қамтамасыз етіледі.

12. Тапсырысшы қызметтерді сатып алуды жүзеге асырғаннан кейін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде амбулаториялық-емханалық медициналық (бұдан әрі - амбулаториялық медициналық ұйымдар) көмек беретін медициналық ұйымдардың тізбесін жеткізушіге амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған рецептілерді жазып беруге уәкілетті медицина қызметкерлері береді.

Жеткізуші осы ақпаратты жеткізушінің дәрілік заттарды бөлшек саудамен сатудың тиісті объектілеріне дейін және (немесе) жеткізушінің амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөнінде шарт жасасқан адамдарына жеткізеді.

13. Жергілікті мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ амбулаториялық медициналық ұйымдардың көрнекі ақпарат орындарында және дәрілік заттардың бөлшек саудасы объектілерінде тапсырысшы мынадай ақпараттарды о р н а л а с т ы р а д ы :

1) аурулар түрлерінің және амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар тегін және (немесе) жеңілдікті жағдайларда босатылатын азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесі;

2) босатылатын бағасы мен өтеу коэффициенті көрсетіле отырып, тегін және (немесе) жеңілдікті жағдайларда босатылатын дәрілік заттардың тізбесі;

3) амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүзеге асырылатын дәріханалардың және (немесе) ауылдық (отбасылық) дәрігерлік амбулаториялардың, фельдшерлік-акушерлік пункттердің, фельдшерлік пункттердің мекен-жайлары.

14. Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды тегін және (немесе) жеңілдікті жағдайларда босату уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жазып берілген рецептінің негізінде науқастың жеке басын куәландыратын құжатты немесе оның нотариалдық расталған көшірмесін көрсеткен кезде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Науқас балаларға арналған дәрілік заттарды босату рецепті және баланың туу туралы куәлігі немесе оның нотариалды расталған көшірмесі көрсетілген кезде жүзеге асырылады.

15. Жеткізуші мен амбулаториялық медициналық ұйымдар ай сайын тапсырысшыға тиісінше, сол бойынша дәрілік заттарды босату жүзеге асырылған рецептілер тізілімін және амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін жазылған рецептілердің тізілімін ұсынады.

Өтеу сомасын ұсынылған рецептілер тізілімдерін салыстыру негізінде тапсырысшы белгілейді.

Берілген тізілімдердің деректері сәйкес келмеген жағдайда тапсырысшы өтеуге жатпайтын және ол бойынша тапсырысшы мен жеткізушінің тарапынан растығын бақылау жүзеге асырылатын жағдайлардың тізілімін қалыптастырады.

16. Жеңілдікті негізде амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кезінде азаматтар жеткізуші мен тапсырысшы арасындағы шартпен белгіленген дәрілік заттардың босатылу бағасы мен өтеу сомасының арасындағы айырманы төлейді.

Тегін негізде амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету кезінде жеткізушінің босатылу бағасын тапсырысшы толық өтейді.

17. Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы ақпаратты тапсырысшылар уәкілетті органға ұсынады.